АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

АТЫРАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ ГОРОДА АТЫРАУ

АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

20 22 жылғы « 29 сәуір
Атырау қаласы

№
город Атырау 942

012 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві» бағдарламасы бойынша қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексін, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 37-бабын, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің 2009 жылғы 30 қыркүйектегі №226 «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың болғанын негіздейтін материалдарды ұсыну, оларды оқшауландыру және тарату жөніндегі іс-шаралар, материалдық -техникалық есептеулер, қаржы және адамзат ресурстары» бұйрығын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №325 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» қаулысын басшылыққа алып және Атырау қаласы әкімінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі №19 «Жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы» шешіміне сәйкес, Атырау қаласында қатты соққан жел салдарынан орын алған көп қабатты тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандардың сараптамалық қортындысы және сметалық есебін жасақтау жұмыстарына сай қаражат көзін төлеу мақсатында, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Атырау қалалық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 012 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві» бағдарламасының 100 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының төтенше резерві» кіші бағдарламасынан «Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 106 «Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті

001199

Сертификат номерін банк ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛАДЫ. Қолтаңба бойынша мақсат үшін көшірмесіне түсіндірме жасалмайды. Бұл құжат ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ
Банк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве. ПРИНЯТО И УЧТЕНО в установленном порядке

атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу» бағдарламасына 3 005 000 (үш миллион бес мың) теңге, яғни «Куаныш» жеке кәсіпкерлігіне 1 850 000 (бір миллион сегіз жүз елу мың) теңге және «Құрылыс сараптамасы және жылжымайтын мүліктің құнын анықтау» жеке кәсіпкерлігіне 1 155 000 (бір миллион бір жүз елу бес мың) теңге қаражат бөлінсін.

2. «Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулының 1-тармағына сәйкес бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Қала әкімінің
уақытша міндетін атқарушы **Е.Умаров**

001199